



Машина жасау саласы бойынша 2020 жылғы қаңтар-шілдеге арналған дайджест



САЛАНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Машина жасау өндірісі көлемінің динамикасы, млрд теңге



2020 ж. қаңтар-шілде/2019 ж. ФКИ:

Машина жасау – 113,9%

электр жабдығы – 100,2%

басқа да көлік құралдары – 213,8%

автомобиль жасау – 145,1%

басқа санатқа қосылмаған машина және жабдық – 90,9%

компьютер, электрондық және оптикалық өнім – 84,2%

жөндеу және орнату – 103,4%


Түсінік:

2020 ж. қаңтар-шілдеде ақшалай көріністе өндіріс көлемі 32,6% өсті, нақты көріністе өндіріс 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 13,9% өсті.

Мына секторларда өндіріс көлемінің өсуі байқалады: автомобиль жасау (+45,1%), басқа көлік құралдары (2,1 есе), жөндеу және орнату (+3,4%), электр жабдығы (+0,2%). Өсу автомобильдерге сұранысты ынталандыру және жүк вагондары мен локомотивтер өндірісі бойынша тапсырыстарды қамтамасыз ету есебінен болды. Алайда, COVID-19 тарауының және мұнай бағасының төмендеуі салаларға әсер етпей қоймады, басқа категорияларға қосылмаған машиналар мен жабдық секторларында, сондай-ақ, компьютер, электрондық және оптикалық өнім өндірісінде өндірістің 9,1% және 15,8% қысқарғандығы байқалады.


Өңірлер кесінінде машина жасау саласы өндірісінің көлемі, млрд теңге

Сала ҚР барлық облыстарында бар, көбіне (ақшалай көріністе) 2 өңірде шоғырланған: Қостанай облысы және ШҚО



**Машина жасау өнімі негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-шілдеде
2020 ж. осы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемі**

Автокөлік құралдары және т/ж машина жасау өнімі өндірісінің өсуі



■ 2019 қаңтар-шілде (100%)
■ 2020 қаңтар-шілде


САУДА
КӨРСЕТКІШТЕРІ



Экспорт, в млн долл. США



Импорт, в млн долл. США



Негізгі сауда серіктестерің жиынтықтауыш құралдарды жеткізуді кешіктіруі, елдер экономикасының әлсіреуі және пандемия мен мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде ішкі нарықта сатып алу қабілетінің төмендеуі саланың сауда айналымының нашарлауына әсер етті:

Экспорт

2020 ж. 1-жартыжылдықта экспорт көлемі өткен жыдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,8% өсті. Бұндай өсу негізінен, Молдоваға 12 локомотив тапсырыс жеткізу есебінен қамтамасыз етілді. Бұл ретте, саланың негізгі экспорттық тауарлары: аккумуляторлар, трансформаторлар, мойынтіректер және т.б. бойынша төмендеу тіркелген.

Импорт

2020 ж. қаңтар-маусымда импорт көлемі 2019 ж. 6 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда 3,9% қысқарды. Жеңіл автомобиль, сұқұбырлы қазан, электр қозғалтқыш пен генераторларға арналған бөлшектер, су тазалауға арналған жабдық және бірқатар басқа да тауар импортының төмендеуі аясында кейбір өнім импортының, соның ішінде құбыржол арматурасы 2,1 есе, тоңазытқыш жабдықтарының бөлшектері 1,95 есе, сорғыштар мен компрессорлар 3,8 есе елеулі өскендігі байқалады.

**Машина жасау өнімі негізгі түрлерінің
2020 ж. қаңтар-шілдеде экспорт/импорты**

Экспорт өнімі	Мың АҚШ долл.	Өлшем бірлігі	Импорт өнімі	мың АҚШ долл.	Өлшем бірлігі
Бөлшектерді қоса алғанда, т/ж арбасы, доңғалақ біліктері	65 140	30 731 т	Құбыр желісі, қазандық, резервуарларға және басқа да осыған ұқсас ыдыстарға арналған арматура	442 858	14 912 т
Дизель-электр локомотивтері	46 550	12 дана	Ауа немесе вакуумдық сорғылар, газ немесе ауа компрессорлары	359 006	125 329 дана
Көлемі 1500 см3 артық, бірақ, 3000 см3 аспайтын цилиндрлі жеңіл автомобильдер	40 549	1 815 дана	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш жабдықтарының бөлшектері	357 693	7 775 т
2 000 кг* артық бос жабдықталған көлік құралының массасымен ұшақтар және басқа да ұшу аппараттары	63 362	3 дана	Ұялы телефон аппараттары	252 746	1 780,9 мың дана
Цилиндрлі аунақшамен мойынтіректер	25 579	9 468 т	Температура өзгерісін пайдаланатын процестердің материалдарды өңдеуіне арналған электр немесе электр емес машиналар, агрегаттар және өнеркәсіптік немесе зертханалық жабдық	230 912	5 350 дана

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҢИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



«CLAAS» неміс компаниясы Қазақстанда зауыт ашады

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әлемдік ірі ауыл шаруашылық техникасын өндірушілердің бірі – «CLAAS» неміс компаниясымен өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімге қол қойды.

Жаңа зауыт Солтүстік Қазақстан облысында орналасады. Бірінші кезеңде бұл жерде арнайы жабдықты орнату мен техникалық қызметкерлерді дайындауды қоса алғанда, TUCANO комбайнының өндірісі жолға қойылады. Жоба CLAAS компаниясының Қазақстандағы ресми өкілі «СТ-Агро» компаниясымен бірге іске асырылатын болады. Облыс экономикасына инвестициялар көлемі 3,4 млрд теңгені құрайды, неміс компаниясының жеке қаражаты қаржыландыру көзі боып табылады.

Бастапқы кезеңде шамамен 200 жаңа жұмыс орны ашылатын болады. Келісім шеңберінде компания компоненттердің бейімделуін біртіндеп арттырады, сондай-ақ, өндірісті одан әрі дамыту үшін кадрларды техникалық дайындықтан өткізеді.

Жобалық қуатқа шыққанда кәсіпорын бюджет выпускать жылына 200 бірлікке дейін ауылшаруашылық техникасын (комбайн, трактор және тұқым себу кешені), бұл ҚР-дағы машина-трактор паркін жаңарту бойынша жағдайды сапалы түрде жақсартады.

ҚР аумағында ауыл шаруашылық машиналар өндірісін ұйымдастыру бойынша жобаны пысықтау ҚР СІМ Инвестициялар жөніндегі комитетімен, ГФР-дағы ҚР Елшілігімен, «Kazakh Invest» ҰК» АҚ және ҚР Ауыл шаруашылық министрлігімен жүргізілді.

Дереккөз: www.kapital.kz



Татнефть Қазақстанда шина өндірісін іске қосады

2020 ж. 29 шілдеде Нижнекамск қ. Татнефти бас директоры Н. Маганов және директорлар кеңесінің төрағасы Аллур А. Лаврентьев Қазақстан аумағында шина өндіріс бойынша зауыт құрылысының жобасын іске асыру бойынша ниеті және жол картасы туралы келісімге қол қойды.

Жобаны іске асыру үшін Татнефть және Аллур бірескен кәсіпорын (БК) құрады деп болжануда. Жоба Қазақстанда жеңіл, жеңіл жүк және жүк шиналарын өндіру бойынша жаңа зауыт құрылысын көздейді.

Кәсіпорынның жоспарланған қуаты – жылына 3 млн жеңіл және жеңіл жүк шина, сондай-ақ, жылына 0,5 млн. жүк шинасы. Өндірісті іске қосу 2022 жылға жоспарланған. Жоба шеңберінде аралас салаларды ескерумен шамамен 800 жұмыс орны ашылады.

Автомобиль шиналары Қазақстанда өндірілетін автомобильдердің бастапқы жиынтықтарына, қайталама нарыққа, сондай-ақ жақын шетелдерге экспортқа жіберіледі.

Осылайша, Орта Азиядағы шиналар нарығына белсенді экспансия жүргізуде.

Дереккөз: www.neftegaz.ru

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



РФ-да тамызда автомобиль сату 0,5% қысқарды

Ресей автонарығы тамызда шілдедегі биылғы рекордтық сұраныстан кейін минусқа түсті. Жаңа жеңіл автомобиль және LCV сату Еуропалық бизнес қауымдастығының (ЕБҚ) деректері бойынша бір айда 0,5% түсті: позитивті тренд аяқталды. Бірақ, сегіз ай қорытындысы бойынша динамика әзірге ЕБҚ пессимистік жылдық болжамынан жақсы: 23,9% болжам кезінде 16,9% құрайды.

Тамыз қорытындысы бойынша автосату 2019 жылғы тамызбен салыстырғанда 0,5% немесе 722 данаға түсті, - деп хабарлайды АЕБ. Ресейде тамызда барлығы 137,5 мың жеңіл автомобиль және LCV сатылды.

Сонымен қатар, кейінге қалдырылған сұраныстың, мемлекеттік қолдаудың және рубльдің құлдырауы жағдайында бағалардың өсуіне байланысты шілдеде нарық 141,9 мың машинаға дейін 6,8% өсумен үздік айлық нәтиже көрсетті.

Сегіз ай қорытындысы бойынша сату минуста: автомобиль сату 880,2 мың данаға дейін 16,9% қысқарды, бір жыл бұрын 1,06 млн бірлік болған.

Жыл қорытындысы бойынша маусымда жаңартылған болжам бойынша қауымдастық нарықтың 1,3 млн данаға дейін 23,9% құлдырауын күтуде.

Мемлекеттік қолдау шаралары аясында, ресей автонарығындағы жағдай және оның жыл аяғына дейін даму тенденциясы қыркүйекте белгілі болады, - дейді ол.

Дереккөз: www.kommersant.ru



Беларусь машина жасаушылары ереуілге шығуда: бұл қалай зиян тигізуі мүмкін

Тамызда беларусь кәсіпорындарының наразылықтары байқалды. Әр түрлі нысандағы наразылықтарды үлестеріне жанама түрде «Роснефть» және «Газпром нефть» иелік жасайтын Мозырский МӨЗ басқа барлық ірі компаниялар қолдады. Бұл – «Нафтан» МӨЗ, Беларусь калий компаниясы, Беларуськалий, Беларусь металлургия зауыты, «Гродно азот», Минск трактор зауыты – былтыр \$10 миллиардқа жуық түсім алды және 20% беларусь өнеркәсіп өндірісін қамтамасыз етті.

Ресей – Беларусь үшін негізгі нарық, өткен жылы ол тауар айналымының тең жартысын және экспорттың 41% (\$13,6 млрд) құрады. Ресеймен сауда сальдосы Беларусь үшін тұрақты түрде теріс: белорустар сатқаннан гөрі көп сатып алады. Ереуілге шыққан Беларусь көлік машина жасау зауытының өнімдері Ресей үшін өте маңызды. Мысалы, МАЗ 2019 жылы Ресейде 4 мыңға жуық жүк көлігін сатты. Бұл жеткізулерден үлкен шығынсыз бас тартуға болады. Ал, МТЗ тракторлары барлық ресей нарығының 50% құрайды.

«БелАЗ» BelAZ өнімдерін ауыстыру одан да қиын болады. Ресей кәсіпорын сатуының үштен екі бөлігін құрайды, ал, Ресейде басқа компаниялардың карьерлік өзі аударғыш жүк машинасы ерекше жағдай.

Жұмыскерлері маршқа шыққан Минск доңғалақты тартқыштар зауытының (МДТЗ) өнімін ауыстыру мүмкін бомайды. Зауыт – Ресей қару жүйесі үшін көп осьті шоссиді бірегей жеткізуші.

Дереккөз: www.ria.ru